

## §15

### МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТТИК АТТЕСТАЦИЯЛАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТАРЫЛУ ЕРЕЖЕСІ

#### 1. Жалпы ереже

1.Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі магистратура мен докторантурадағы МАҚ-нақты жаднамасы ҚР-ның «Білім» мен ҚР-ның «Ғылым» заңына сәйкес өндөлген және 23 тамыз 2012 жылы №1080 байрығымен ҚР Министрлігі бекіткен.

2.ҚазҰУ ғылыми-әдістеме кеңесінің отрысында 2010ж. 28.01.№3хаттамасымен бекітілген «магистратурадағы қорытынды аттестациялау талаптарын» алмастыратын нақты жаднама. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ ректорының 2007ж.05.09.№175-бүйріғымен «докторантуралық Ph.D. экспериментальды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру тәртібі» бекітілді.

3. Бұл жаднама әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ЖОО кейінгі магистрларды дайындау кәсіби-оқу бағдарламасымен (магистратура бағытындағы және ғылыми-педагогика білім бағдарламасымен) және докторларды дайындау (Ph.D докторантуралық бағытындағы, докторантуралық бағытындағы білімгерлерді МҚА іс-шарасының міндетті талаптары мен өткізу тәртібін анықтайды.

4. Бұл жаднама барлық қызыметкерлік білімдер (факультеттерде, кафедрада қаржы және ғылыми білімдерде т.б) және ЖОО кейінгі білімді мамандарды даярлау үшін.

5. ЖОО-кеінгі білім, кәсіби-оқу бағдарламасы бойынша МҚА, қарастырылған академиялық құнтізбе мен мамандық жұмыс-оқу жопарына сай, білімгерлердің кешенді емтихандарды тапсырып, диссертация қорғауы мезгілінде өткізіледі.

6. ЖОО кейінгі білім, кәсіби-оқу бағдарламасын МҚА-ға, жұмыс-оқу жоспары талаптарына сәйкес жұмыс-оқу бағдарламасын толыққанды игерген білімгерлер жіберіледі.

7. Бітіруші курс білімгерлері жұмыс және жеке оқу жоспарының талаптарын орындаған жағдайда МҚА жіберілмейді және жазғы семестрді өткізбей, сол оқу курсында қалдырылады.

8. Магистратура және докторантуралық бағытындағы білімгерлерін МҚА жіберу, ректордың бүйріғымен МҚА-дың басталуына екі апта қалғанға дейін рәсімделеді.

9. Кешенді емтихандарын қанағаттанарлық бағаға тапсырған магистранттар мен докторанттар диссертация жұмысын қорғауға жіберіліді.

Іс-шара маманданған МАҚ төрағасының ұсынысы негізінде, қорғауға екі апта қалғанға дейін ректор бүйріғымен рәсімделеді.

10.Кешенді емтихандарды қабылдау былайша іске асырылады:

-магистрлық диссертация қорғауға дейін 1айдан кешіктірмей.

-докторлық диссертация қорғауға дейін Зайдан кешіктірмей.

11. Кешенді емтихандар қабылдау кестесі мен диссертация қорғау графигі академиялық құнтізбеге сай, университет ректорымен немесе оның міндеттеген оқу жұмысы проректорымен бекітіледі де, МАҚ жұмысының аяқталуына екі апта қалғанға дейін кешіктірмей барлығына түгел хабарланып бір күнде 6-8 магистрлік және 4 докторлық диссертация қорғауға тағайындалады.

12. Қайта тапсырылатын қорытынды аттестацияны тек, алдыңғы қорытынды аттестациядан F «қанағаттанарсы» баға алған тақырып аясында сұрақтар болады. Кешенді емтиханды тапсыра алмаған білімгер үшін оқылыштың пәндер тізімін сол жылғы оқу жоспарына сай болады.

13. Кешенді қорытында аттестацияны тапсыра алмай оқудан шығып кеткен білімгерлер, келесі жылдық кешенді қорытынды емтиханның басталуына кемінде 2 апта қалғанға дейін, өтінішін МҚА басшысының атына жазып МАҚ-ты қайта тапсыруға мүмкіндігі бар. Өтініш мынандай үлгіде болуы тиіс: «Мен, (білімгердің аты-жөні), 2012

жылғы МАҚ-тан F «қанағаттанарсыз» баға алуыма байланысты, 2013 жылы өтетін МАҚ-ты қайта тапсыруыма рұқсат етініз».

## **2. Магистратура және докторантуранның мемлекеттік аттестациялау комиссиясы**

14. Мамандық бойынша мемлекеттік аттестациялау комиссиясы (МАҚ) магистранттардан – кешенді емтихан және магистратуралық диссертация қоргаудың қабылдау үшін, докторантурада – кешенді емтихан қабылдау үшін құрылады.

15. Мемлекеттік аттестациялау комиссиясына бітіруші мамандардың бағытымен сай келетін ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар үміткер төрағалар мен мүшелер факультет атынан бітіруші кафедралардың қолдаухатымен ағымдағы жылдың 15 қазанына дейін ұсынылады.

16. МАҚ төрағалары ретінде штат қызыметкері емес беделді ғалымдар мен жоғары білікті мамандар тағайындалады. Ұсынылған МАҚ төрағасын ҚР білім және ғылым Министрлігі бекітеді. Бір тұлға Мемлекеттік аттестация төрағасы ретінде қатарынан екі жылдан артық сайланы алмайды.

17. Мамандық бойынша білімгерлердің санына қарай МАҚ (мемлекеттік аттестацияның комиссиясы) хатшысымен 4-8 адамнан құралған, мемлекеттік аттестация комиссиясы 31 желтоқсанға дейін қабылданып, жыл бойына күші сақталатын ретордың бұйрығымен бекітіледі. Аралас мамандықтар бойынша бірынғай аттестациялау комиссиясын құруға рұқсат беріледі.

18. Мемлекеттік қорытынды аттестациялау басталғанға дейін МАҚ-қа магистранттар мен докторанттардың МҚА-ға кіру рұқсаты туралы бұйрықтың көшірмесі, бекітілген МАҚ мүшелер тізімінің көшірмесі, емтихан қабылдау және диссертацияны қорғауға (магистранттар үшін) арналған номерленген, тігілген және қыстырылған МАҚ-тың жеке хаттама кітапшалары, бағдарлама мен емтихан қабылдау үшін бекітілген емтихан билеттері ұсынылады.

19. Магистранттардың мемлекеттік қорытынды аттестациялауы аяқталғанда мамандық бойынша МАҚ төрағалары МҚА-дың нәтижесі бойынша есеп жасайды және екі апта көлемінде университет ректорна ұсынады.

20. Докторантура мамандығы бойынша МАҚ төрағалары университет ректорына емтихан аяқталғаннан кейінгі ай көлеміндегі мерзімде кешенді емтиханның есеп қорытындысын ұсынады.

21. МАҚ төрағаларының МҚА-ның нәтижесі бойынша жасалынған есебінің уақытысында ұсынылу жауапкершілігі хатшыға жүктеледі. МАҚ төрағаларының есебі бітіруші кафедра мәжілісінде, факультеттің ғылыми кеңесінде және университет көлемінде талданады.

22. Магистратура мамандығы бойынша МАҚ төрағаларының МҚА нәтижесі көрсетілген есебі мен ректордың қолы қойылған АТӘ мен берілген диплом номері көрсетілген магистратура тұлектерінің тізімі және докторантуралық мамандығы бойынша жасалынған есеп ҚР БЖМ-не жіберіледі.

## **3. Магистратура және докторантурадағы кешенді емтихан қабылдауды ұйымдастырудың реті.**

23. Магистратура және докторантуралық мамандықтары бойынша кешенді емтиханның уақытылы, әрі сапалы ұжымдастырылған түрде өту жауапкершілігін бітіруші кафедра, факультет деканаты және ЖОО-дан кейінгі білім Институттарына артады.

24. Мамандық бойынша кешенді емтихандар жүйелі саналады да, пәнаралық негізделген лайықты құрылымдағы түпкі мақсат екінші және үшінші деңгейдегі кәсіби білімді бітірушілердің даярлау. Кешенді емтихандар ЖОО-кейінгі білім, кәсіби-оку

бағдарламасын оқыған кезеңдегі алған теориялық және тәжірибелік білім деңгейін анықтауға көмектеседі.

25.Кешенді емтихандардың мамандық бойынша бағдарламамен құрылуды, талаптарға сай магисторлық және докторлық дайындық деңгейіне қатысты, қалыптасу негізі академиялық, әлеуметтік-түлғалық және кәсіби үйлесімділігі, іс-әрекеттегі оқу бағдарламаларымен сәйкес магистратурамен доторантура арнау пән оқу жоспарлары бойынша анықталады.

26.Кешенді емтихандар бағдарламасы, магисторлық мамандықты даярлау кезінде, пән аралық сипаттама беретін, тақырыптық бөлімдерді іске қосатын, негізі үйлесімді оқу пәндерінің негізгі циклы мен бейім пәндер бағдарламасы. Бағдарлама бітіруші кафедрада құрастырылып, бекіту үшін методикалық бюроға ұсынылады және қарастырылады. Факультеттің ғылыми кеңесінде, оқу- жұмысы жөніндегі проректорымен, МҚА басталуына 1 ай қалғанға дейін кешіктірмей бекітіледі.

27.Бітіруші кафедра мамандық бойынша көрсетілген құжаттардың МАК мүшелеріне уақытында ұсынылу жауапкершілігін артады.

28.Кешенді емтихан әр бір білімгерге жеке толтырылатын бекітілген хаттамасы түрімен рәсімделеді.

29.Кешенді емтиханды, қанағаттанарлық бағаны жоғарлату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат жок.

30.Кешенді емтихан нәтижесіне қанағаттанбаған білімгер емтихан болған күннің ертесіндегі жұмыс күнінде апеляцияға беруге құқығы бар. Университет ректорының бұйрығымен апеляцияны қарau үшін құрамы 5 адамнан тұратын мамандық бойынша біліктілік бағыты сай келетін тәжірибелі оқытушылардан апеляция комиссиясы құралады. Апеляция комиссиясының жұмысықа сай шығарған қорытындысы бекітілген хаттама түрімен рәсімделеді.

31.«Қанағаттанарлықсыз» баға алған тұлғаға кешенді емтиханды дәл осы қорытынды атtestация кезінде тапсыруға рұқсат берілмейді.

32.Кешенді емтиханда «қанағаттанарлықсыз» баға алған магистрант немесе докторант білім беру немесе ғылыми мекемеден басшысының бұйрығымен шығарылады және оқуын аяқтамаған азаматтарға аяқталмаған білімі жөніндегі анықтама беріледі.

33.Магистрант немесе докторант кешенді емтиханға бекітілген кесте бойынша белгілі себептермен келмей қалған жағдайда, МАК төрағасының атына емтиханға келмеген себебі көрсетілген құжаттар тіркелген өтініш жазады. Төраға шешім бойынша емтиханды басқа күні осы комиссия мәжілісіне тапсыра алады.

34.Кешенді емтиханды қанағаттанарлық бағаға тапсырған магистрант немесе докторант диссертациялық жұмысты қорғауға жіберіледі. Магистратуралық, докторантуралық диссертацияны қорғауға кіру рұқсаты МАК төрағасының ұсынысымен диссертациялық жұмысты қорғауға екі апта қалғанға дейін университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

#### **4. Магистратуралық диссертацияның қорғалу ережесі мен ұйымдастырылуы**

35.Магистратуралық диссертацияның қорғалуы уақытылы әрі сапалы ұжымдастырылған түрде өту жауапкершілігін бітіруші кафедра, факультет деканаты және ЖОО-дан кейінгі білім Институттары артады.

36.Магистратуралық диссертация – магистранттың ғылым саласының нақты мамандығы бойынша өзекті проблемасы туралы өзіндік зерттеу нәтижесін талдау қорытуын ұсынатын бітіруші біліктілік ғылыми жұмыс.

37.Магистратуралық диссертация МАК мүшелеріне ұсынылмастан бұрын алдын ала қорғаудан өтіп, бітіртуші кафедра тарапынан «шығармашылық үрлықтың» бар не жоқ екені тексеріледі. Диссертациялық жұмыста «шығармашылық үрлықтың» белгілері болған

жағдайда диссертация қорғауға жіберілмейді және бекітілген тәртіп бойынша университеттен шығарылады.

38.Магистратуралық диссертацияны қорғау белгіленген график бойынша МАК-тың 2/3 мүшелерінің қатысуымен ашық мәжілісте жүргізіледі. МАК мүшелерді диссертациялық қорғаудың күні мен уақытысы, өткізіледін орны туралы акпаратпен МАК хатшысы уақытылы жетуізіп отыру жауапкершілігін артады.

39.Магистратуралық диссертацияның қорғалуы мына жағдайлар болғанда жүзеге асады:

- ғылыми жетекшінің құптарлық пікірі;
- диссертация тақырыбына сай ғылыми басылымдарда кем дегенде бір басылымы немесе халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларға қатысуы;
- бітіртуші кафедраның хаттамадан алынған қорғалу туралы ұсыныстары;
- рецензенттің диссертациялық жұмысқа жан-жақты мінездемесі мен магистр академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі туралы дәйектелген рецензиясы;

40.Қорғалатын магистратуралық диссертация бағытына сай келетін рецензенттер ретінде біліктілігі бар (ғалым немесе академиялық дәрежесі) тұлғалар өзге мекемелерден тағайындалады. Рецензенттер факультеттің ғылыми кенесінің негізінде университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

41.Ғылыми жетекшілердің пікіріне қойылатын талаптар:

- ғылым саласы мен мамандық диссертациясының сай болуы;
- жұмыстың өзектілігіне сипаттама
- теориялық деңгей мен тәжірибелік қажеттілікке сипаттама;
- қойылған мәселелер шешімінің толықтығы, терендігі мен шынайылығы туралы сипаттама;
- қорғалуға дайындық бағасы;

42.Магистратуралық диссертация рецензиясына қойылатын талаптар:

- жұмыстың өзектілігіне сипаттама;
- автордың ізденісіне сипаттама;
- магистратуралық диссертация авторының көзқарасына сараптама;
- магистранттың ғылыми зерттеу әдісті қолдану сараптамасы;
- магистранттың шешімдері мен ұсыныстарының дәлдік дәрежесі;
- магистранттың ұсынған шешімдеріне деген сенімділік сараптамасы;
- жұмыстың тәжірибелік қажеттілігі мен жаңашылдық сипаттамасы;
- диссертацияның жетіспейтін тұстары жайындағы сараптама;

43.Аяқталған диссертациялық жұмысина ғылыми жетекші немесе бітіртуші кафедра тарапынан дәлелді қанағаттанарлықсыз пікір жазылған магистрант қорғауға жіберілмейді.

44.Аяқталған магистрант диссертациясы рецензиясының мазмұны магистрантқа қорғауға дейінгі бір-екі күннен кешікпей мәлімделінеді. Диссертацияға қанағаттанарлықсыз рецензия жазылған жағдайда қорғауға ұсынылуы мүмкін.

45.Ғылыми жетекшінің және бекітілген рецензенттің диссертациялық қорғауға қатысуы және сөз сөйлеуі міндетті. Бітіртуші кафедраның ғылыми жетекшісі немесе рецензентті белгілі себеппен қорғауға келмеген жағдайда мемлекеттік аттестациялау комиссиясына сәйкес құжаттар берілуге міндетті.

46.Магистрант диссертациялық жұмысқа жазылған міндетті рецензиядан басқа осы немесе аралас бағыттағы мамандардың қосымша пікірлерін де ұсына алады. Барлық пікірлер сәйкес мекеменің қолы қойылған және мөрмен куәландырылған болуы тиіс. Сол сияқты мемлекеттік аттестациялау комиссиясына магистратура диссертациясының болмысын ашатын басқа да материалдар ұсыныла алады (макеттер, образцы материалдар үлгісі, бұйымдар және т.б.).

47.Магистратуралық диссертацияның ашық түрде қорғалуы ғылыми сипаттағы пікірсайыс түрінде, жоғарғы талаптық, принциптік жағдайда және ғылыми этиканы сақтай отырып өткізілуі керек. Сонымен қатар диссертациядағы ғылыми және тәжірибелік

сипаттағы пікірлер мен ұсыныстар, дәлелді тұжырымдар пысықтаушы анализдер жаңалыққа бастауы керек.

48.Диссертацияның сапалы әрі жан–жақты сарапталуына, қабылданған шешімнің дәлелділігіне және магистр ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияны бағалау барысында бекітілген критерилерге сай жоғары дәрежелі талаптармен анықтаудым МАК міндеттейді.

49.Магистратуралық диссертацияны қорғау келесі рет бойынша жүзеге асады:

– МАК төрағасының диссертацияның қорғалуы, автордың аты-жөні, тегі туралы хабарлауы;

– қажетті құжаттардың толықтығы мен магистранттың «оқу» биографиясына қысқыша сипаттамамен МАК хатшысының сөзі сөйлеуі;

– 15 минут көлеміндегі магитранттың баяндама жасауы;

– ғылыми жетекшінің сөз сөйлеуі;

– рецензенттің сөз сөйлеуі;

– магистранттың рецензент ескертулеріне және МАК сұрақтарына берген жауабы;

– диссертация бойынша ғылыми пікірталас;

– магистранттың қорытынды сөзі;

Бір магистрлік диссертацияның қорғалу уақыты 50 минуттан кем болмауы керек.

50.Магистр ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация қорытындысы бойынша мемлекеттік аттестациялау комиссиясы диссертациялық жұмысқа – «A»-дан (өте жақсы) «F»-қа (қанағаттанарлықсыз) дейінгі бағаны қоюға шешім қабылдайды..

51.Магистерлік диссертацияны бағалау келесі критерилер негізінде жүзеге асады:

– мамандықтың өзекті теориялық және қолданбалы аспекттерімен жұмыс сәйкестігі;

– бекітілген тақырып бойынша өзіндік ғылыми ізденіс;

– әдебиеттердің толықтығы мен қолданылған дереккөздердің өзектілігі мен жаңашылдығы;

– шықкан нәтижениң ғылыми зерттеулерде, тәжірибелік жұмыстарда немесе оқу үрдісінде қолданылу мүмкіндігі;

– материалдардың сауатты әрі нақты берілуі

– диссертациялық қорғаудағы баяндаманың сапасы (нақтылық, сауаттылық, кәсіби терминдерді қолдану шеберлігі, негізгі айқындауши материалдардың және т.с.с.);

– қорғау кезінде қойылған және рецензенттің ескертулеріне берілген жауаптың толықтығы мен дұрыстығы.

Магистрлік диссертацияны қорғау кезінде теориялық деңгейі, ғылыми және магистрдың теориялық дайындығы сонымен қатар ғылыми жетекші мен оппонент пікірі ескеріледі. Шешім мәжіліске қатысушы комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс саны тең болып қалған жағдайда МАК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

52.Магистрлік диссертацияны қорғау қорытындысы, магистранттың жеке әр қайсысына толтырылатын, бекітілген хаттама түрімен рәсімделеді және қорғау болған күні МАК мәжілісінде хаттама толтырылғаннан кейін жарияланады. Хаттама МАК хатшысымен толтырылады және төраға мен мемлекеттік аттестация комиссиясының мәжілісінде болған мүшелерінің қолы қойылады. Бекітілген тәртіп бойынша МАК жұмысы аяқталғаннан кейін барлық хаттамалар ЖОО-ның мұрагатына сактауға жіберіледі.

53.Қорытынды мемлекеттік аттестациялаудан өткен, магистратураның кәсіби білім бағдарламасын менгергенін дәлелдеген және магистрлік диссертациялық жұмысын ашық түрде қорғаған магистрантқа МАК шешімімен мамандығы бойынша магистр ғылыми дәрежесі мен мемлекеттік үлгідегі тіркеуімен диплом юеріледі

54. Магистранттардың білім алу процесін аяқтауын тексеру, докторанттың басты критерии. Егер білімге берілген мерзімнен курсты ерте аяқтап, диссертациясын қорғаған жағдайда білімгерге магистрант дәрежесі де ерте беріледі.

55. Қорғау нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз деп қабылданған диссертация қайта қорғауға келесі қорытынды аттестация кезеңінде ғана өндөлген түрінде ұсынылады. Қанағаттанарлық деп қабылданған диссертациялық жұмыстың бағасын жоғарлату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

56. Магистрант, теориялық білімді толықтай менгеріп, бірақ ғылыми-зерттеу жұмысын менгере алмаған жағдай: диссертациясын келесі оқу жылы ақылы болімде оқи отырып, қорғауға мүмкіндігі бар. Ескере кететін жайт, кереди ғылыми-зерттеу жұмысын тапсыра алмағандай есептеледі.

#### **4. Докторлық диссертация қорғауын жүргізу және ұйымдастыру**

57. Жалпылама ұйымдастыру мен докторанттардың диссертациялық жұмысының қорғалуын қадағалау сол сияқты диссертациялық жұмыс кеңестерінің мониторингі университеттің ғылыми кадрларды дайындау және аттестациялау бөлімінің қадағалауымен жүзеге асады.

58. Докторлық диссертация – нақты мамандықтың философия докторы (PhD) немесе бағыт бойынша доктор дайындау білім беру бағдарламасы бойынша жазылған білікті ғылыми жұмысы. Диссертация келесі талаптардың біріне сай болуы керек:

- 1) маңызды ғылыми сұрақтарды шешетін жаңа ғылыми дәлелденген нәтижесі болуы керек;
- 2) қолданылуы маңызды қолданбалы есептерді шешетін, жаңа ғылыми дәлелденген нәтижесі болуы керек;
- 3) жиынтығы нақты ғылыми бағыттардың дамуы үшін маңызды мазмұнды жаңа ғылыми дәлелденген теориялық және(немесе) экспериментальдық нәтижесі болуы керек.

59. Докторлық диссертация жұмысын қорғау, құрамын университеттің Ғылыми кеңесі бекітетін, Төрағасы – білім саласында уәкілетті мүшесі болатын диссертациялық кеңес мәжілісінде жүзеге асады. Докторанттардың диссертация жұмысының қорғауын жүргізетін және уәкілетті органдарға – білім және ғылым саласы бойынша білім және ғылым Министерлігінің тексеру комитетіне философия (PhD) доктор немесе бағыт бойынша доктор ғылыми дәрежесін тағайындау туралы хабарлайтын диссертациялық ұжымдастырылған кеңес болып табылады.

60. Диссертациялық кеңес қорғау барысындағы қабылданған шешімдердің сапасына дәлдігі мен толық орындалғанына жауапкершілік артады.

61. Дипломдық жұмысты қорғау диссертация тақырыбы бойынша кем дегенде 7 ғылыми еңбек басылымға шыққанда жүзеге асады. Соның ішінде Комитеттің ұсынған кем дегенде 3 басылымына оның ішіндегі кем дегенде біреуі (1), осы база бойынша импакт-факторы төмен емес Thomson Reuters компаниясының ғылыми журналдарына немесе Scopus базасына енетін халықаралық басылымы және 3-еуі халықаралық конференция оның біреуі (1) шетелдік конференциялар болуы керек.

62. Диссертацияны алғашқы сараптамасы бітіртуші кафедраның мәжілісінде жүзеге асады. Осы мақсатта докторант диссертациясын университеттің ғылыми кадрларды дайындау және аттестациялау бөліміне тіркейді және ғылыми жұмыс жөніндегі проректорға өтінішімен жүгінеді. Өтінішпен ұсынылатындар:

- 1) түптелмеген түрдегі диссортация диссертация (диссертация МЖСТ мемлекетаралық стандарт талаптары бойынша рәсімделеді 7.32-2001. Ғылыми зерттеу жұмысының есебі. Рәсімдеу ережесі мен құрылымы. МЖСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жылпы құрылу ережелері мен талаптары);
- 2) факультеттің ғылыми хатшысы куәландырылған қолда бар Thomson Reuters және /немесе Scopus базасындағы журналдар көрсетілген басылып шыққан ғылыми еңбектер тізімі;
- 3) кеңсе-тіркеуінде куәландырылған транскрип көшірмесі, диссертация қорғауға кіру рұқсаты бұйрығының выпусккасы;

4) және диссертация тақырыбын бекіту туралы ғылыми кеңес мәжіліс хаттамасының выпискасы, және ғылыми кеңесшілерді тағайындау бұйрығының выпискасы;

63. Ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың резолюциясы бар өтініші, диссертация мазмұнын және докторанттың басылымдарын оқығанын және жазбаша рецензияны негізге ала отырып университеттің штатты қызметкерлерінен тұратын рецензенттерді (қорғалатын диссертация саласы бойынша ғылыми дәрежесі бар бірі доктор кем дегенде екі маман) тағайындаушы кафедра мәжілісінің төрағасына диссертация және басылымдардың көшірмесі ұсынылады.

64. Рецензия мазмұнына қойылатын талаптар:

- зерттелген тақырыптың өзектілігі;
- дәлелдемелердің ғылыми түргыдағы нәтижесі;
- ғылыми нәтижелердің теориялық және тәжірибелік қажеттілігі;
- осы қосымшадағы 5.5 п. көрсетілген талаптарға сай диссертация материалдарының басылымға толық шығуы туралы;
- ескертулер мен ұсыныстар.

Докторантқа рецензия кафедра мәжілісіне 1 күн қалғаға дейін кешіктірмей беріледі.

65. Кафедра мәжілісінің алғашқы сараптама рәсімінің құрамына:

- докторанттың сөз сөйлеуі;
- кафедра мәжілісіне қатысушылардың сұраптарына берілген жауап;
- ғылыми кеңесшілердің немесе олардың келмей қалған жағдайында пікірлерді тындау;
- рецензенттің сөз сөйлеуі;
- рецензенттің ескертулеріне берген жауабы мен олардың сұраныстары мен ұсыныстарынан шығарған тұжырымы;
- кафедра мәжілісіне қатысушылардың пікірсайысы;
- қорытындыны қарапайым ашық түрде дауыс беру арқылы қабылдау.

66. Докторлық диссертацияның алғашқы сараптама қорытындысы мәжіліс төрағасының қолы қойылатын, ғылыми кадрды дайындау және аттестациялау бөлімінің бастығымен куәландырылатын, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор бекітетін кафедра мәжілісі хаттамасының выпискасы түрінде рәсімделеді..

Қорытынды құрамынды: зерттелген тақырыптың өзектілігі, ғылыми нәтижелер мен оның дәлдігі, ғылыми нәтиженің теориялық және тәжірибелік қажеттілігі, осы қосымшадағы, 61п талаптарға сәйкес диссертация материалдарының басылымға шығуының толықтығы, ұсыныстар мен ескертулер, рекомендация беру не бермеу туралы қорытынды болуы керек.

67. Диссертацияны қорғау туралы рекомендация берілген жағдайда докторант диссертация кеңесіне келесі құжаттаарды тапсыруы керек:

- 1) диссертация кеңесінің төрағасына қорғауга қабылдау туралы өтініші;
- 2) Диссертация қалың переплетпен өнделген және 3 данасы болуы керек;
- 3) диссертацияны және диссертация аннотациясын үш тілде (әр тілдегі жазылған көлемі 2 беттен кем болмауы керек – қазақша, орысша, ағылшынша) қатты переплет түрінде және электронды тасмалдаушы құралдағы түрі;
- 4) алғашқы қорғау жөніндегі бітіртуші кафедра қорытындысы;
- 5) факультеттің хатшы ғалымының қолы қойылған ғылыми еңбектер тізімі мен басылымдардың көшірмесі;
- 6) Ғылыми еңбектер тізімі болуы керек және ол факультет хатшысымен бекітілу керек;

7) ЖОО кадырларымен расталған жеке парап (личный листок) болу керек;  
8) Кеңсе тіркеушісінде куәландырылған диссертация қорғауға жіберу рұқсаты туралы бұйрық выпискасы;

9) Қорғауға жіберілгендігі туралы үзінді көшірме (выписка);

10) Транскрипт;

11) Бакалавр мен магистратура дипломының нотариус арқылы бекітілген көшірмесі;

68. Құжаттарды қабылдау диссертация кеңесінің хатшы ғалымының көмегімен жүзеге асады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанттары докторантуралық кәсіби оқу бағдарламасын менгерген мамандығы бойынша диссертациялық кеңесі КР басқа ЖОО құрылған жағдайда, сол сәйкес мекемеге құжаттар тапсырады.

69. Кафедра қорытындысы негізінде диссертация кеңесі кеңес құрамынынан қорғалатын диссертация мамандығы бойынша сарапшыны тағайындалады. Ол, тағайындалғаннан кейінгі 10 жұмыс күнінің ішінде диссертация кеңесіне және докторантқа келесі шешімдердің бірін ұсынуы керек:

- диссертацияны ашық қорғауға ұсыну;
- диссертацияны бітіртуші кафедраға қайта қарауға жіберу;
- диссертацияның қателіктерін жөндеу үшін, диссертацияны қабылдамау;

70. Диссертациялық кеңес құжаттарды қабылдағаннан кейінгі 10 жұмыс күнінен кешіктірмей қорғау күні мен уақытын анықтайды және сәйкес мамандық бойынша екі рецензентті тағайындалады. Рецензент бола алмайтын тұлғалар:

- ККСОН МОН РК қызметкерлері;
- Докторанттық авторластары мен диссертация тақырыбы бойынша шығарылған мақалалар;
- Жетекші мен ЖОО-дағы ғылыми ұйымдар (кафедра, лаборатория бөлімдері) диссертацияның ғылыми-зерттеу және\немесе қорғаушы, ұйымдастырушы болып табылады;
- Диссертациялық кеңес мүшесі;

Сәйкес мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар (бірі ғылым докторы), әр түрлі мекеме өкілдері рецензент ретінде тағайындалады, олардың бірі докторант білім алған жоо немесе диссертациялық кеңесте қызмет жасайтын жоо-ның қызметкері болмауы тиіс.

71. Докторлық диссертацияға жазылатын пікірге (рецензияға) қойылатын талаптар:

- таңдалынған тақырыптың өзектілігі;
- диссертацияда қалыптасқан қорытындылардың және ұсыныстардың ғылыми жағдайдағы дәлдігі мен жаңалығы;
- (Ph.D.) доктор немесе бағыты бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру туралы мүмкіндігі дәлелденген қорытындылар

Докторлық диссертацияға жазылған пікір мазмұны диссертация қорғауға дейінгі он күннен кешіктірмей докторантқа хабарланады.

72. Докторлық диссертацияны қорғау, арнағы бекітілген график бойынша диссертациялық кеңестің ашық мәжілісінде, қорғалатын диссертация бағытына сәйкес 2/3 мүшесінің қатысуымен, міндетті жағдайда, мамандық бойынша кем дегенде 3 маманның қатысуымен жүргізіледі. Докторлық диссертацияны қорғау ғылыми пікірталас сипатында болуы керек. Диссертациялық кеңестің мәжілісі диссертация төрағасының басшылығымен жүргізіледі. Төраға келмей қалған жағдайда немесе бірдей төраға мен хатшы—ғалым келмей қалған жағдайда диссертация кеңесінің мәжілісі жүргізілмейді.

73. Алдағы қорғау жөніндегі мекенжайы, күні және уақытысы көрсетілген хабарламаны диссертация кеңесінің хатшы—ғалымы белгіленген қорғау күніне дейін бір ай бұрын Комитет (сайтқа хабарламаны тіркеу және енгізуғылыми кадрларды дайындау

және аттестациялау бөлімінде жүзеге асады ) және университет сайтына диссертация және қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі аннотацияларын қоса енгізіледі.

74.Диссертация кеңесінің төрағасы мен хатшы-ғалым қаралып отырған докторанттың диссертациясының ғылыми кеңесші болған жағдайда өздерінің диссертация кеңес мәжілісіндегі қызметін атқара алмайды. Төраға Комитетпен келіскең жағдайда диссертациялық кеңес шешімі бойынша олардың қызметінің орындалу міндеті диссертация кеңесінің бір мүшесіне жүктеледі.

75.Докторлық диссертацияны қорғауға бекітілген рецензенттердің катысуы мен сөз сөйлеуі міндетті. Кей жағдайларда жазбаша қанағаттанарлық рецензия ұсынылған жағдайда рецензентке бұл диссертация кеңесінің мәжілісінде on-line видео-конференция түрінде сөз сөйлеуге рұқсат беріледі.

76.Бір диссертациялық кеңес мәжілісінде бір диссертация (1) жүргізілсе, бір күннің ішінде 4 мәжілістен артық өткізілмейді. Бейнежазу жүргізіледі және барлық қорғау графика түрінде ілінеді.

77.Докторлық диссертация қорғау рәсімінде тәртіппен жүзеге асады:

- Төрағаның кворум туралы сөз сөйлеуі, мәжілістің өткізілу уәкілеттігі туралы, докторанттарды, диссертация тақырыптары мен мамандықтарды таныстыру;
- Хатшы-ғалымның ғылыми басылымдардың сәйкестігі мен толықтығын көрсете отырып, нормативі талаптарға докторант құжаттарының сәйкестігі туралы сөз сөйлеуі;
- 20 минут көлеміндегі докторанттың баяндама жасауы;
- докторанттың сұрақтарға жауап беруі;
- ғылыми кеңесшінің сөз сөйлеуі;
- рецензенттің сөз сөйлеуі;
- докторанттың рецензент ескертулеріне берге жауабы ұсынысы бойынша шыгарған тұжырымы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің пікірсайысы;
- докторанттың қорытынды сөзі;
- диссертация кеңесінің құрамынан төрағадан басқа үш адамнан тұратын есеп беру комиссиясының сайлауы;
- ғылыми дәрежені алу өтініші бойынша жасырын түрде дауыс берудің өткізілуі;
- есеп беру комиссиясының жасырын дауыс беру қорытындысы туралы төрағаның сөзі, есеп беру комиссиясының хаттаманы бекітуі;
- ашық түрде қорғау қорытындысын хабарлау;
- диссертацияның қорғалуы негізінде диссертациялық кеңестің қабылдаған қорытынды шешімі.

78.Диссертациялық кеңестің шешімі, оған мәжіліске қатысан диссертация кеңес мүшелерінің 2/3-үі дауыс берген жағдайда қабылданады.

79.Диссертациялық жұмысыт теріске шыгарған жағдайда, апелляцияға беру үшін докторант ректордың атына өтініш жазады. Өтініш жазар кезде дессиритацияны теріске шығарғанына 2 айдан аспау керек.

80. Диссертациялық жұмысқа апелляция жазғаннан кейін, 10 күн ішінде 3 апелляциялық комиссия жиналады және олардың арнайы ғылыми атағы болуы керек. Рецензет, ғылыми кеңесшісі немесе диссертацияның кеңескері мен сарапшишы апелляциялық комиссия мүшесі бола алмайды.

81.Аппеляциялық комиссияның негізгі жұмысы диссертацияны зерттей отырып, ғылыми атақ беру. Аппеляциялық комиссия – өтінішті, диссертацияны және оның дайындығын тексере отырып, өз тұжырымын 30 күн ішінде шығарады.

82.Аттестациялық комиссияның сараптамасын комиссия мүшелеріне өткізіп, диссертацияны екі жақты талқыла ала отырып, ғылыми атақ беру және бермеу туралы

шешеім шығарады. Оңды жауап болған кезде комиссия мүшелерінің қорытындысы протоколга еніп, диссертация мен қорытынды 15 күн ішінде ҚР ККСОН МОН жіберіледі.

83. Аппеляциялық комиссияның шешімі 15 күн ішінде ғана жарамыд.

84. Диссертациялық қорғау бойынша қанағаттанарлық шешім қабылданған жағдайда диссертациялық кеңестің хатшы-ғалымы докторанттың аттестациялық ісін бекітілген құжаттар тізімімен құрастырылады. Аттестациялық іс ФБСКБ БФМ ҚР – ға (ККСОН МОН РК) диссертация қорғалған күннен кейінгі 30 күнтізбелік күннің ішінде ұсынылуы қажет. Аттестациялық істің уақытылы ФБСКБ БФМ ҚР – ға тапсырылу жауапкершілігі диссертация кеңесінің хатшысына жүктеледі.

85. Докторанттың аттестациялық құжаттар тізімі:

1) Диссертацияның жазу үшін ЖОО-ға жазған өтініші. Өтініше диссертациялық кеңес мүшелерінің және жОО проректорының қолы болу керек.

2) Диссертация қатты переплеттән өткен болуы керек және электронды нұсқасы болу керек (CD-диск, флешка, т.б.);

3) ғылыми диссертациядан жазылған үзінді мақалалар тізімі мен мақалалар;

4) Диссертация тіркеуге алынғандығы туралы есеп – орыс, қызық тілдерінде.

5) Диссертация өзге материалдардан көшірілмегендігі туралы Ұлттық ғылыми-техникалық орталықтан анықтама.

6) Ғылыми кеңесшілердің пікірі.

7) Рецензенттер пікірі;

8) Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу туралы (явочный лист) ақпарат беретін қағаз.

9) Диссертациялық кеңестің диссертацияны қорғау туралы бейнебаяны мен стенограммасы, онда төраға мен хатшының қолы болуы керек.

10) ЖОО дипломының көшірмесі;

11) Кәсіби оку бағдарламасын менгергендігі туралы транскрипт көшірмесі;

12) Докторант туралы ақпарат;

13) ЖОО-дан жеке парап (личный листок). ЖОО оку кадырының бөлімі бекіту керек.

Бұл құжаттар тізімі диссертациялық кеңестің ұсынуы бойынша жасалған.

86. Аттестациялық жұмыстың екінші данасы диссертациялық кеңес хатшысында сақталады. Екі жылдан соң ЖОО архивіне жіберіледі.

87. Докторанттар диссертациялық жұмысын сәтті қорғап болғаннан соң, 5 күн ішінде диссертацияның екі данасын: переплетталмаған және электронды нұсқасын, есепке алу парагын (орыс және қазақ тілінде) мемлекеттік Ұлттық ғылыми-техникалық ақпараттар орталығына тіркеу үшін апару керек.

88. Диссертация сәтсіз қорғалған жағдайда, оны өндеп қайта қорғауда құқылы. Бірақ диссертация қорғалмады деген шешім шыққан соң бір жылы ішінде қайта қорауда болады.

89. Диссертация қоғалып болған соң, докторантқа ҚР ККСОН МОН ғылыми атақ бермеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, білімгер – бір жыл ішінде диссертацияны қайта қорауда мүмкіндігі бар.

90. Диссертацияны қайта қорғау кезінде, шыққан шығынның барлығын білімгердің өзі төлейді.

91. Докторанттардың аттестациялық жұмысын ҚР ККСОН МОН тіркелген күннен бастап 4 ай тексереді. Аттестациялық құжаттар толық болмаған жаңдайда, білімге жұмысы құжаттар толықталғанша тоқтап тұрады. Аттестациялық жұмыс қайтарылмайды және қараудан (рассмотрение) түсірілмейді ҚР ККСОН МОН шешімін толықтай шығармағанша.

92. ғылыми атақ – диссертация талаптарына және ҚР ККСОН МОН шешімі бойынша беріледі. Сарапшылар кеңесі қорытынды нәтежиесін ескере отырып докторантка ғылыми атақ деру/бермеу туралы бүйрек шығарады.

93. Философия докторы немесе кәсіби доктор деген атақты алған докторантқа мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

94. Теориялық білім беру бағдарламасын менгерген, бірақ ғылыми-зерттеу жұмысын жазбаған және/немесе ғылыми-зерттеу жұмысын қорғай алмаған докторант үшін,

диссертациялық жұмысын қайта қорғау мүмкіндігі бар. Докторант - келесі оқу жылы ақылы попта оқи отырып қорғай алады. Диссертацияны рәсімдеу мен қорғау үшін 4 кередит беріледі.

95. Докторантурадағы қорытынды мемлекеттік сараптам ЖОО ректорының бекітілуімен, ҚР МОН бөлімінің ғылыми кадырларына ұсынылады.